



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

СЫР ТҮЛЕГІ

жастар газеті

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№2 (456) 27 ақпан,
2026 жыл

Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
лауазымына Наурызбай Байқадамов
тағайындалды



Премьер-Министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Балаева Аида Ғалымқызының төрағалығымен 2026 жылғы 6 ақпанда өткен Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының Басқарма төрағасы-ректорын сайлау жөніндегі республикалық комиссияның ұсынысына сәйкес, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Нұрбек Саясаттың 10 ақпандағы бұйрығымен Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректоры лауазымына тағайындалды.

Наурызбай Сейтқалиұлын жаңа қызметімен шын жүректен құттықтаймыз!

Н.С.Байқадамов – 1991 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін «Тарих және француз тілі» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын ауылдық мектепте қарапайым мұғалім болып бастап, 1994 жылы өзі білім алған университетке оқытушы ретінде қайта оралады. Университет қабырғасында әртүрлі мансаптық баспалдақтардан өтіп, 2008-2013 жылдары университеттің тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры болып қызмет етті. Қорқыт Ата атындағы университетте 20 жылға жуық еңбек етіп, білім ордасының көпсалалы аймақтық жоғары оқу орны ретінде қалыптасып, дамуына елеулі үлесін қосты.

Наурызбай Сейтқалиұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, белгілі қоғамтанушы, 150-ге жуық ғылыми, оқу-әдістемелік, публицистикалық еңбектің, бірнеше кітаптың авторы. 2013 жылы мемлекеттік қызметке шақырылған білікті де тәжірибелі ұйымдастырушы облыстық білім басқармасының басшысы (2013-2015 жж.), Қызылорда облысы әкімінің орынбасары (2019-2021 жж.), облыстық мәслихатының хатшысы, төрағасы (2016-2019 жж., 2021-2023 жж., 2023-2024 жж.) лауазымдарын жоғары абыроймен атқарып, Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени дамуына белсенді атсалысты. Наурызбай Сейтқалиұлы – «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының орынбасары (2007 ж.), бірінші орынбасары (2015-2016 жж.), «АМАНАТ» партиясының облыстық филиалының төрағасы (2022-2023 жж.) ретінде аймақтың қоғамдық-саяси өмірінде де өзіндік қолтаңбасын қалдырған саясаткер.

2024 жылғы сәуірден 2026 жылғы 11 ақпанға дейін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі ретінде заң шығару қызметіне белсенді қатысып, ауқымды жұмыс атқарды.

Парламент алаңында халықты алаңдатқан маңызды мәселелердің оң шешімін табуына, облысымызға республикалық бюджеттен қажетті қаржының бөлінуіне зор үлесін қосты.

Еліміздің, туған жеріміздің өсіп-өркендеуіне қосқан еселі еңбегі жоғары бағаланып, «Құрмет», «Парасат» ордендерімен наградталды.

Құттықтау!

ҚҰРМЕТТІ АРУЛАР!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздер ғылым мен жоғары білім жолында табанды еңбек етіп, университетіміздің зияткерлік әлеуетін арттыруға, сапалы кадрлар даярлауға және ғылыми ізденістерді дамытуға зор үлес қосып келесіздер. Баршаңыз парасат пен пайымның, ізгілік пен мәдениеттің, сабыр мен сұлулықтың үлгісі ретінде ерекше құрметке лайықсыздар.



Көктемнің осынау көрікті мерекесінде Сіздерге зор денсаулық, шығармашылық шабыт, толайым табыстар мен жаңа жетістіктер, шаңырақтарыңызға құт-береке тілеймін!

**Құрметпен,
Басқарма Төрағасы-Ректор
Наурызбай Байқадамов**



ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «ЕЛШІЛЕР КАФЕСІ» ФОРМАТЫНДА КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 2026 жылғы 19 ақпандан Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің Қазақстандағы 17 елшісімен «Елшілер кафесі» форматында кездесу өтті. Сыр өңірінің басты білім ордасы мен ЕуроОдаққа мүше елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған шараға ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров пен облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев қатысты. Кездесуді Басқарма төрағасы-Ректор Наурызбай Байқадамов ашып, қонақтарға оқу орнының тарихы мен халықаралық байланыстары туралы баяндады. Наурызбай Сейтқалиұлы университеттің әлемнің 100-ден астам жоғары оқу орны және ғылыми

орталықтарымен серіктестік орнатқанын және «500 галым», «Болашақ» бағдарламалары аясында жас ғалымдардың тағылмамадан өтуіне мүмкіндік жасалғанын атап өтті. Сондай-ақ студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламаларына белсенді қатысатынын жеткізді.

Кездесу барысында студенттер кәрі құрлықтан келген дипломаттармен еркін форматта әңгімелесіп, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды. Әсіресе, шетелде білім алу мүмкіндіктері, академиялық ұтқырлық, тәжірибе алмасу бағдарламалары және шәкіртақы жөніндегі сауалдарға елшілер жан-жақты жауап берді.

ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОРЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚШ ЕЛШІЛІГІ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 2026 жылғы 19 ақпанда АҚШ елшілігі өкілдерімен екіжақты ынтымақтастықты кеңейту және тереңдетуге бағытталған кездесу өтті. Биыл өзара түсіністік туралы Меморандумға (MOU) қол қойылғанына 10 жыл толып отыр. Университеттің Басқарма төрағасы-Ректоры Наурызбай Байқадамов мәртебелі меймандарға Сыр өңірінің басты білім беру ордасының әлеуетін таныстырды. Елшілік өкілдері университет ұжымына белсенді әріптестік, мамандардың кәсібилігі және бірлескен білім беру бастамаларын жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасағаны үшін алғыс білдірді. Кездесу барысында студенттердің ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыруға бағытталған «New

Access Program» бағдарламасы таныстырылды. Сонымен қатар, тілдік емес мамандықтарда, оның ішінде STEM бағыттарында білім алып жатқан студенттерге арналған «English Access Program» бағдарламасын жүзеге асыру мәселесі талқыланды. Жоба аясында кәсіби терминологияны меңгеруге және академиялық ағылшын тілін дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Қорқыт Ата университеті Қазақстан бойынша пилоттық жобаға таңдалған алғашқы жоғары оқу орны. Кездесуде жұмыс берушілермен ынтымақтастық орнату және студенттерді нақты компаниялардың талаптарына сай даярлау мәселесі де қозғалды.

Бағдарлама аясында жастардың азаматтық құндылықтарын қалыптастыру мақсатында волонтерлік бастамаларды дамыту көзделген.

Руханиятқа тағзым



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 2026 жылғы 11 ақпанда қазақ руханияты үшін маңызды тағылымды шара өтті. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлы 200-ге жуық кітабын оқу орнының ғылыми кітапханасына табыстады.

Бағдат Кәрібозұлы – қазақ әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан тұлға. Ол 300-ден астам ғылыми, публицистикалық мақаланың, 10 монографияның және 20-дан астам әдеби еңбектің авторы. Ғалым жетекшілік еткен 200 томдық «Сырдария кітапханасы» сериясы – Сыр өңірінің бай мұрасын жүйелеп, ұлттық өшпес қазынасына айналдырған іргелі жоба. Бұл еңбектер ұлттық жадымызды жанғыртып, келешек ұрпаққа аманат болар құнды дүниелер саналады. Шара барысында профессор Бағдат Кәрібозұлы шәкірттерімен ой бөлісіп, ғылыми ізденістерінің мән-маңызына тоқталды. Өз саласындағы терең ғылыми

тұжырымдары мен тәжірибелік бағыттарын ортаға салып, студенттердің кәсіби дамуына бағытталған құнды кеңестер берді. Жиын барысында профессордың соңғы жылдары жарық көрген еңбектері туралы да жылы пікірлер айтылды. «Ғазиз жүрек» кітабы 2024 жылы жарық көріп, адамгершілік пен парасаттылықты өмір философиясына айналдырған туынды ретінде танылды. 2025 жылы жарық көрген «Ұстаз ұлағаты» еңбегі ұстаздық жолдың өнегесін айшықтап, тәрбие мен тағылымның терең тамырын танытқан құнды еңбек деуге әбден лайықты. Кезінде Зейнолла Қабдолов – Мұхтар Әуезовтің ғалымдық, суреткерлік, ұстаздық болмысын өз көзімен көрген шәкірт ретінде «Менің Әуезовым» атты кітап жазса, Бағдат Кәрібозұлы М.Әуезов туралы ойын айта келіп, «Менің ұстазым – З. Қабдолов» деп портреттік эссе жанрында ой қозғаған, – деді профессор, «Парасат» орденінің иегері Ұлжан Жанбершиева. Ғылым да, әдебиет те жанкештілікті қажет етеді. 2026 жылы баспадан шыққан «Ізденіс іздері» кітабы автордың жанр теориясы, поэзиядағы ұлттық мінез туралы ғылыми тұжырымдары жазылған, – деп пікір білдірді филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбаев.

Студенттер көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, ғылыми тақырыптар төңірегінде пікір алмасты. Бұл келеді кездесудің жас зерттеушілерге шабыт беріп, кәсіби дамуына оң ықпал ететіні сөзсіз. Шара соңында ғалымның шәкірті Ұлықбек Бектай ұстазға арнау орындап, рухани мазмұнды кездесудің әсерін тереңдете түсті.

Университет ұжымы профессор Бағдат Кәрібозұлына білім мен ғылымды дамыту жолындағы еңбегі және жастар тәрбиесіне қосқан үлесі үшін алғыс білдіріп, шығармашылық табыс тілейді.

ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ HORIZON-MSCA-2025 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АТАНДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ғалымдары HORIZON-MSCA-2025-SE-01-01 халықаралық бағдарламасы аясында 2026-2029 жылдары жүзеге асырылатын AQUADETECT ғылыми-технологиялық жобасын жеңіп алды.



Климаттың өзгеруі, теңіз деңгейінің көтерілуі, су тасқындарының жиілеуі және су экожүйелерінің деградациясы жағдайында су ресурстарын тиімді басқару қазіргі заманның басты міндеттерінің біріне айналып отыр. Осыған байланысты су ортасының жай-күйін сапалы әрі жедел мониторингілеу экологиялық

тепе-теңдікті сақтау және су экожүйелерін қорғау үшін аса маңызды. AQUADETECT жобасы инновациялық LIDAR оптикалық жүйесін жасауға бағытталған. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, әзірленіп жатқан фотондарды анықтау тиімділігі бойынша қолданыстағы коммерциялық аналогтардан 60%-ға жоғары көрсеткішке ие.

Жаңа технология мониторинг жүргізу уақытын қысқартып, шығындарды азайтады және өлшеулердің кеңістіктік дәлдігін арттыруға жол ашады. Жүйе су тасқыны қаупін бағалау, теңіз түбінің бедерін карталау, экожүйелерді талдау және суасты тіршілік орталарын мониторингілеу сияқты түрлі бағыттарда қолданылмақ. Жобаны іске асыруға Португалия, Германия, Түркия, Италия, Марокко, Украина, Қазақстан және Әзербайжан елдерінен жетекші ғалымдар мен инженерлер қатысуда. AQUADETECT жобасының нәтижелері тұрақты және экологиялық таза технологияларды дамытуға елеулі үлес қосып, Еуропалық Одақтың су ресурстарын қорғау және оларды ұтымды пайдалану жөніндегі бастамаларын қолдайды деп күтілуде. Қазақстан тарапынан жобаның жетекшісі – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-зерттеушісі, химия ғылымдарының кандидаты Нұрбол Аппазов.

Университет ғалымдары «Жоғары білім және ғылым: цифрландыру және жасанды интеллект жылы» отырысында су тапшылығын шешуге бағытталған жобаны таныстырды

Қорқыт Ата университетінің «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» білім беру бағдарламасының профессор-оқытушылары С.Ы.Әмірзақов, Г.Т.Далдабаева, докторант Ө.Баймаханов және ИБЗ инженері С.Қанжар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары білім және ғылым: цифрландыру және жасанды интеллект жылы» атты кеңейтілген алқа отырысына қатысты.

Ауқымды іс-шара 2026 жылғы 12-13 ақпанда Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті базасында өткізілді.



Алқа отырысына еліміздің жоғары оқу орындарының ғалымдары мен сарапшылары қатысып, жоғары білім мен ғылым саласын цифрландыру, жасанды интеллектті дамыту және ғылыми нәтижелерді өндіріске енгізу мәселелері талқыланды. Іс-шара аясында республикалық деңгейдегі ғылыми жобалар көрмесі ұйымдастырылып, еліміздің үздік ғылыми әзірлемелері таныстырылды. Университет ғалымдары BR21882415 бағдарламалық-нысаналық қаржыландыру жобасы бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелерін ұсынды. Жобаның тақырыбы – «Қызылорда облысында су тапшылығы жағдайында мал азықтық дақылдары мен ағаш екептерін суару үшін ағынды суларды қауіпсіз утилизациялау технологиясын әзірлеу». Зерттеу жұмысы өңірдегі су тапшылығы мәселесін шешуге бағытталған және ауыл шаруашылығы саласында суды тиімді әрі экологиялық қауіпсіз пайдаланудың ғылыми негізделген тетіктерін ұсынады.

Жоба нәтижелері қатысушылар тарапынан жоғары бағаланып, су ресурстары шектеулі аймақтар үшін тиімді, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз әрі экономикалық жағынан негізделген шешім ретінде танылды. Бұл жоба өңірдегі аграрлық сектордың тұрақты дамуына және су ресурстарын ұтымды басқаруға өз үлесін қосады. Бүгінде университет ғалымдары су ресурстарын тиімді пайдалану, цифрлық технологияларды енгізу және ғылыми жаңалықтарды өндіріске трансферттеу бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруда.

Алқа отырысында көтерілген бастамалар ғылым мен білімнің интеграциясын күшейтіп, отандық ғылыми әлеуеттің жаңа деңгейге көтерілуіне серпін берері сөзсіз.

ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ИНДОНЕЗИЯ ДЕЛЕГАЦИЯСЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне 2026 жылғы 11 ақпанда Индонезия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Мохамад Фаджрул Рахман бастаған делегация келді. Кездесу барысында Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнұр Бөрібаева университеттің тарихы, құрылымы мен халықаралық байланыстар бағытындағы жетістіктері жайында жан-жақты ақпарат берді. Тараптар екіжақты ынтымақтастықты нығайту, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын дамыту, сондай-ақ алдағы уақыттағы ортақ жобалар мен серіктестік бағыттарын айқындау мәселелерін талқылады. Қазіргі таңда университет Индонезия Республикасының екі жоғары оқу орнымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған. Кездесу барысында тараптар алдағы уақытта тағы да бірқатар индонезиялық университеттермен әріптестік байланыс орнату жөнінде пікір алмасты.

Шара аясында Елші Мохамад Фаджрул Рахман студенттерге арнап дәріс оқыды. Ол өз сөзінде Индонезияның сыртқы саясаты, дипломатиясы және туризм саласындағы тәжірибесіне тоқталып, екі ел арасындағы білім саласын атап өтті.



Кездесу соңы студенттермен еркін форматтағы сұрақ-жауап және пікірталас ойындарымен жалғасты. Дұрыс жауап берген студенттерге Елшілік тарапынан естелік сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар делегация мүшелері индонезиялық би билеп, ұлттық өнерлерін көрсетті. Бұл кездесу Қорқыт Ата университеті мен Индонезия Республикасының жоғары оқу орындары арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтып, халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған маңызды қадам болды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ: ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ КОРЕЯЛЫҚ ПРОФЕССОРДАН ДӘРИС АЛЫП, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРТИФИКАТ ИЕЛЕНДІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері 2026 жылғы 13 ақпанда халықаралық білім беру кеңістігінде тағы бір маңызды жетістікке қол жеткізді. Университеттің «Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын, корей тілдері)» білім беру бағдарламасының 1-курс студенттері Korea Foundation ұйымының «Global e-School» халықаралық жобасы аясындағы оқу курсына сәтті аяқтады.

Аталған бағдарлама шеңберінде студенттер «Корея қоғамы және халықаралық қатынастар / Korean Society and International Relations» пәнін меңгерді. Дәрістерді онлайн Кеймен университетінің профессоры Чагри Эрдем жүргізді. Үш кредиттік толық курс барысында білім алушылар Корея қоғамының

даму ерекшеліктері, саяси жүйесі және халықаралық қатынастардағы ролі туралы терең мағлұмат алды. Курс соңында студенттер қорытынды тест тапсырып, өз білім деңгейлерін дәлелдеді. Нәтижесінде Кореядан арнайы жіберілген халықаралық сертификаттар салтанатты түрде табысталды. Бұл сертификаттар – студенттердің жаһандық білім беру талаптарына сай дайындықтан өткенін айқындайтын маңызды құжат.

Жобаның табысты жүзеге асуына университеттің Халықаралық жобалар мен стипендиялар тобының жетекшісі Темірболат Кеншінбай мен Шетел тілдері және аударма білім бағдарламасы тобының аға оқытушысы Ұлжан Бекназарова зор үлес қосты.

ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫНА ТАҒЫМ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 2026 жылғы 9 ақпанда қазақ поэзиясының жарық жұлдызы, лирик акын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «Жырмен өрілген тағдыр» атты поэзиялық кеш ұйымдастырылды.

Тағылымы терең, рухани мәні зор бұл кеш ұлт поэзиясына деген құрметтің жарқын көрінісіне айналды. Поэзиялық кеш барысында студенттер ұлы ақынның жүрек тербетер өлеңдерін мәнерлеп оқып, қойылым қойды. Шараның басты мақсаты – Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығын жастар арасында кеңінен насихаттау, акын поэзиясы арқылы ұлттық рух пен адамгершілік құндылықтарды дәріптеу.



Кеш шымылдығы Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы мен шығармашылық мұрасын танытатын қойылыммен ашылды. Ақынның тағдыры, поэзиядағы қайталанбас қолтаңбасы мен халықпен біте қайнасан болмысы көрерменге ерекше әсер сыйлады.

«Жырмен өрілген тағдыр» атты поэзиялық кеш Мұқағали Мақатаев поэзиясының халық жүрегіне мәңгі сақталатынын, ал ақын рухының өлмес мұра екендігін айқын көрсетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – жаңа Қазақстанның негізі

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 2026 жылғы 10 ақпанда жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мақсатында “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – жаңа Қазақстанның негізі” атты танымдық кездесу өтті.

Іс-шараның модераторы университеттің ком-плаенс офицері Ә.Жаппасбаев алғысөз сөйлеп, өз сөзінде жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Жиыңға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары М.Бибітова, агенттік қызметкерлері мен студенттер қатысты.

Кездесу барысында қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызы мен қоғамдағы паракорлық көріністерінің алдын алу жолдары жөнінде жан-жақты ақпарат берілді.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметке орналасу тәртібіне енгізіліп жатқан жаңа өзгерістер талқыланды. М.Бибітова өз сөзінде сыбайлас жемқорлықтың қоғам дамуына тигізетін кері әсерін атап өтіп, жастарды адалдық пен әділдік құндылықтарын ұстануға шақырды. Шара соңында студенттер мамандарға өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, мемлекеттік қызмет саласындағы жаңашылдықтар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы кеңінен мағлұмат алды.



ҚАШЫРТҚЫ-КӘРІЗ СУЛАРЫН ҚАЙТА ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ СУ ТАПШЫЛЫҒЫН АЗАЙТУ



Қазіргі таңда су ресурстарының тапшылығы ғаламдық проблемалардың ең өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Бұл жағдай Қазақстан үшін де ерекше маңызға ие. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында су ресурстарын тиімді пайдалану, су үнемдеу және су тапшылығына бейімделу мәселелеріне ерекше назар аударды.

Суармалы егіншілік дамыған оңтүстік өңірлерде бұл мәселе айқын сезіледі. Әсіресе Қызылорда облысында күріш шаруашылығы Сырдария өзенінің суына тікелей тәуелді. Алайда соңғы жылдары климаттың өзгеруі, өзен ағынының азаюы және суға деген сұраныстың артуы өңірдегі су тапшылығын күшейтеді.

Су тапшылығы жағдайында әрбір текше

метр судың маңызы арта түсуде. Сондықтан Мемлекет басшысы көтерген су ресурстарын ұтымды пайдалану мәселелері – стратегиялық бағыт қана емес, күнделікті тәжірибеге енгізілуі тиіс нақты міндет. Қашыртқы-кәріз суларын қайта пайдалану Арал өңірінің су қауіпсіздігін нығайтып, ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына негіз болады.

Қызылорда облысындағы тәжірибелік алаңдарда қашыртқы кәріз суларының химиялық құрамы зерттеліп, олардың суару мақсатында пайдалануға жарамды екені анықталды. Мұндай тәсіл суды үнемдеумен қатар, шаруашылықтардың су пайдалану шығындарын қысқартуға ықпал етеді.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерлерімен бірлесе отырып, Қарауылтөбе тәжірибе алаңында насос қондырғыларын пайдалану арқылы қашыртқы-кәріз суларын ауыл шаруашылық дақылдарын суару технологиясы енгізілді. Күріш институтының тұқымдық күріш алқаптарын сумен тұрақты қамтамасыз ету

мақсатында, электр энергиясымен жұмыс жасайтын 1 дана СНП-500/10 насос қондырғысы К-1-5 қашыртқысынан суды «Жүсіпбек» каналындағы өзен суына араластырып айдап, вегетациялық кезеңде 205 га егістік жердегі күріш дақылды суғарылды.

Күріш егістігіне араластырылып берілген судың 64% өзен, 36%-ы қашыртқы-кәріз суы құрады.

Осы тәжірибе арқылы анықталғандай, кәріз суларын пайдалану арқылы Сырдария өзенінен алынатын судың көлемін 30-40%-ға азайтуға болады. Бұл шара ауыл шаруашылығы үшін суды пайдалану шығынын төмендетіп қана қоймай, аймақтың азық-түлік қауіпсіздігіне де қомақты үлес қоса алады. Қызылорда облысы сияқты су тапшылығы бар өңірлерде қашыртқы-кәріз суларын қайта пайдалану технологиясын кеңінен енгізу – тұрақты суаруды қамтамасыз етудің тиімді және перспективалық әдісі дей аламыз.

Ақбөпе АЙБЕКҚЫЗЫ,
МРОЗ-24-1д оқу тобының
PhD докторанты

СӘН МЕН ДИЗАЙН: ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН МӘДЕНИЕТТІҢ АЙНАСЫ

Сән мен дизайн – заманауи қоғамның эстетикалық талғамын, мәдени құндылықтарын және шығармашылық көзқарасын айқындайтын ерекше сала. Бұл мамандық тек әдемі киім тігумен немесе сән үлгісін жасаумен шектелмейді. Ол – өнер мен технологияның, Қиял мен шынайылықтың, дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысқан тұсы. Мен сән саласына бала кезімнен қызықтым. Түрлі қуыршақтарға матадан киім тігіп, оларды сәндеуді өте жақсы көретінмін. Уақыт өте келе бұл саламен жұмыс істеуді жаным сүйетінін түсіндім және болашақта танымал сәнгер болғым келеді. Қазір өзіме ұнаған пішіндегі киімдерді тігіп, әдемі бұйымдарды жасап жүрмін. Алдағы уақытта жеке брендімді құрып, ерекше туындылар ұсынсам деген арманым бар.

Сән әлемінде өз қолтаңбасын қалдырған тұлғалар аз емес. Мысалы, атақты француз модельері Coco Chanel әйелдер киіміне қарапайымдылық пен ыңғайлылық әкеліп, сән әлемінде үлкен өзгеріс жасады. Ал Christian Dior нәзіктік пен талғампаздықты дәріптеп, «New Look» бағытын енгізді. Бұл тұлғалар сәннің тек киім емес, мәдени құбылыс екенін дәлелдейді. Дизайн саласы да кең ауқымды қамтиды: графикалық дизайн, интерьер дизайны, киім дизайны, веб-дизайн және басқа да бағыттар бар. Әр бағытта шығармашылық ойлау, түстер үйлесімін сезіну, композиция заңдылықтарын білу маңызды. Сонымен қатар қазіргі таңда дизайнер заманауи технологияларды және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.

Киім дизайнері – сән әлемінде жаңа бағыт қалыптастыратын, қоғам талғамына әсер ететін шығармашылық маман. Оның жұмысы тек киім үлгісін ойлап табумен шектелмейді, ол зерттеу, жоспарлау, тігін процесін бақылау және дайын өнімді таныстыру кезеңдерін қамтитын кешенді қызмет. Ең алдымен дизайнер болашақ топтаманың тұжырымдамасын анықтайды. Ол үшін сән тарихын, қазіргі трендтерді және тұтынушылар сұранысын

зерттейді. Мысалы, әйгілі дизайнер Giorgio Armani классикалық стильді заманауи бағытпен үйлестіріп, іскерлік сәнге жаңа тыныс әкелді. Ал Virgil Abloh көше стилін жоғары сәнмен байланыстырып, жас буын арасында үлкен танымалдыққа ие болды. Бұл мысалдар дизайнер жұмысының қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты екенін көрсетеді.



Келесі кезеңде дизайнер эскиздер дайындап, маталар мен фурнитураны таңдайды. Түстер үйлесімі, пішім ерекшелігі, киімнің ыңғайлылығы – барлығы ескеріледі. Одан кейін конструкторлар мен тігіншілердің көмегімен үлгі (прототип) жасалады. Бірнеше рет түзетулер енгізіліп, содан кейін ғана киім жаппай өндіріске немесе көрсетілімге шығарылады. Сән үнемі өзгеріп отырады. Әлемдік сән апталықтары, мысалы Paris Fashion Week, жаңа трендтердің бастауына

айналады. Онда жас дизайнерлер өз идеяларын көрсетіп, халықаралық деңгейде танылуға мүмкіндік алады. Бұл мамандықтың басты ерекшелігі – адамның ішкі жан дүниесін, көзқарасын, талғамын киім немесе дизайн арқылы жеткізуінде. Дизайнер тек өнім жасап қана қоймай, қоғамға әсер етеді және адамдардың өзін-өзі қабылдауына ықпал етеді. XX ғасырдың ортасында Yves Saint Laurent әйелдер гардеробына смокинг енгізіп, гендерлік стереотиптерді бұзды. Ал Alexander McQueen батыл әрі ерекше көрсетілімдері арқылы сәнді өнер деңгейіне көтерді.

Ұлттық киім тігетін шеберлерге деген көзқарасым ерекше. Олар тек тігінші немесе дизайнер ғана емес, халықтың мәдени мұрасын сақтаушы, дәстүрді келесі ұрпаққа жеткізуші тұлғалар. Ұлттық киім – ұлттың тарихы, дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі мен эстетикалық талғамының көрінісі. Қазақтың камзолы, сәукелесі, шапаны – жай ғана киім емес, әрқайсысының өзіндік мағынасы бар. Осындай киімдерді тігетін шеберлер дәстүрлі элементтерді сақтай отырып, оны заманауи сәнмен үйлестіре білуі керек.

Қорыта айтқанда, сән мен дизайн – болашаққа бағытталған, жаңашылдық пен эстетиканы біріктіретін ерекше мамандық. Бұл саланы таңдаған жастар шығармашылық еркіндікке ие болып, өз идеяларын жүзеге асырып, қоғамның мәдени дамуына үлес қоса алады.

Рауянбану ИСАХАНОВА,
Д-23-3 оқу тобының студенті

Нөмір нақылы:

**Адам барлық жағынан да:
түрі де, киімі де, жаны да
сұлу болу керек**

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРДЫ ДАМУ ЖОЛЫ

Заман өзгереді, онымен бірге қоғам да, құндылықтар да жаңғырады. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бас-тамасымен қоғамның барлық саласында кешенді өзгерістер жүзеге асырылуда. Конституциялық реформа – сол іргелі өзгерістердің заңды әрі дәйекті жалғасы. Демек, жаңа Ата заңымызды әзірлеу уақыттың талабы, халықтың қалауы, елдің ертеңіне жасалған саналы таңдау, дамудың өзегі.

Мемлекет басшысының Жарлығымен жаңа Конституция жобасы республикалық референдумға шығарылды. Осылайша, үстіміздегі жылдың 15 наурызында Қазақстан азаматтары өз таңдауын жасайды. Референдум – халықтың пікірін білу, яғни әрбір азаматтың еліміздің болашағына ықпал ету мүмкіндігі. Бұл – елдің саяси жүйесінде демократиялық принциптерді тереңдету жолындағы маңызды кадам.

Тәуелсіздік кезеңінде Конституция жобасының тұңғыш рет қазақ тілінде дайындалуы мемлекеттік тілдің нақты мәртебесін көрсетеді. Ұлттық бірегейлікті нығайту, тарихи сабақтастықты сақтау және ұлттық код пен мәдени мұраны келер ұрпаққа жеткізу, дәстүрлі отбасы құндылықтарын сақтау, ұлттық тәрбие институтын нығайту, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ету сынды бағыттар да назардан тыс қалмаған, дәл осы преамбула мемлекеттің дамуының идеологиялық және құндылықтық бағытын айқындайды. Қазіргі даму қарқыны жоғары, трансформацияға, бәсекелестікке толы қоғамда сын-қатерден өтетін жалғыз жол – озық ойлы, интеллектуалды ұлт болу. Сондықтан мәдениет пен білімді, ғылым мен инновацияны заңмен бекіту болашақ алдындағы міндетіміз.

Бұл мәселе туралы Ел Президенті Қызылорда қаласында өткен Ұлттық

Құрылтайдың 5-ші отырысында мәлімдеген болатын. Еліміздің Ата заңының жобасында вице-президент лауазымы енгізілмек. Оны Парламенттің келісімімен президент тағайындайды. Вице-президенттің өкілеттігіне Қазақстанның мүдделерін халықаралық деңгейде білдіру, Парламентпен, қоғамдық-саяси және басқа да ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасау кіреді. Реформа аясында Парламент бір палаталы болып, атауын «Құрылтай» деп өзгертпек. Сонымен қатар жаңа институт – Халық кеңесі құрылмақ.

Ата Заңның әр тармағы – халқымыздың ертеңі, болашағы мен үміті. Ұрпағымыздың болашағы үшін бірігіп, референдумға қатысу – барша қазақстандықтардың азаматтық парызы.

Бақытгызжамал ИМАНМОЛДАЕВА,
PhD, философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы

ДӘСТҮРЛІ ӘН ЖӘНЕ ДОМБЫРА: ХАЛЫҚ ЖАДЫНДАҒЫ МӘНГІ МҰРА

Қасиетті халқымыздың рухани жәдігерлерінің бай мұрасының бірі – дәстүрлі әндер. Музыка зерттеушілерінің айтуынша, халқымызда 5 мыңнан аса күй, 12 мыңға жуық ән бар. Бұл – қазақ әншілік өнерінің ғасырлық даму тарихы бар екендігінің айғағы. Киелі қара домбыра мен қобыздың сүйемелдеуімен айтылатын дәстүрлі әндер кең диапазонмен, күрделі ырғақ пірімдерімен ерекшеленеді. «Ел іші – өнер кеніші», – дейді дана халқымыз. Әрине, қазақтың дәстүрлі әндері тек домбыра мен қобызбен шектелмейді. Жетіген, сыбызғы, шергер, қылқобызбен ән айту өнері қазір сирек кездескенімен, бұрын ел ішінде кең тараған. Тарихтан белгілі, қазақтың сал-серілері де екі не үш ішекті домбыраны серік еткен. Домбырамен сүйемелдеп ән айту сол кезден-ақ шеберліктің шыңы саналған.

Дәстүрлі ән өнерінің әртүрлілігі аймақтық мектептердің қалыптасуына байланысты. Яғни орындаушылық ерекшеліктеріне қарай оқыту тәжірибесі де дамыған. Жалпы алғанда, Арқа мектебі, Жетісу мектебі, Батыс Қазақстан мектебі болып бөлінеді. Мысалы, Біржан сал, Ақан сері, Майра Уәлиқызы, Шашубай сынды әншілер Арқа мектебінің өкілдері саналады. Олардың әндері еркін ырғақпен орындалып, диапазон кендігімен ерекшеленеді. Қазақтың халықтық әуендері мол сақталған әншілік өнер шоғыры саналатын Жетісу мектебінің көрнекті өкілдері ретінде Жамбыл мен Кенен аталарымызды атауға болады. Ал Мұхит әндері Атырау, Ақтау, Орал, Ақтөбе өңірлерінен бастау алып, Сыр мен Арқаға дейін тараған. Ғарифолланың Арқа әндерін тамылжыта шырақуы, Жүсіпбектің Мұхит әндерін тебірене орындауы – соның дәлелі. Қазақ халқы дәстүрлі ән өнеріне бай. Қазіргі таңда да дәстүрлі әншілеріміз бұл өнерді кеңінен насихаттап келеді. Негізін салған әнші-сазгерлердің мол шығармашылық мұрасы қазақ операсы мен балетінде және классикалық музыкалық туындыларда кеңінен пайдаланылып, әлемнің әйгілі музыка-қатанушылары тарапынан жоғары бағаға ие болған.

Домбырамен ән айтудың жолы бөлек. Қазақ әндеріндегі «Домбыра екі ішекті қолға алайын», «Домбыра – ер жігіттің қолғанаты» деген сөздер текке айтылмаған. Яғни ән төресі домбырамен шыраққан. Домбыраның екі және үш ішекті түрлері сал-серілер арасында кеңінен қолданылған. Шығыс Қазақстан мен Жетісу өлкесінде үш ішекті домбырамен сүйемелдеу шеберліктің шыңы саналған. Арқа әншілерінде бұл аспап мүлде жоқ деуге болмайды, дегенмен екі



ішекті домбыра басым қолданылған. Ұлттық дәстүр мен салт-сананы жас жеткіншектің бойына сіңіріп, оның жан дүниесін оятуда өнердің рөлі ерекше. Қазақтың киелі қара домбырасының атқаратын қызметі де айрықша. «Қолына домбыра ұстаған балаға имандылық пен дарындылықтың жылуды дариды, ол қатігездіктен аулақ болады», – деген нақыл сөзде үлкен шындық бар. Домбыра – үлкен рухани әрі адамгершілік мектебі, баға жетпес эстетикалық өмір оқулығы. Ол талай ғасырдың тарихы мен хикаясын шанағына сақтап, «Алпамыс», «Ер Тарғын»,

«Қобыланды» сияқты батырлар жырын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Дәстүрлі ән өнерінде халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихы мен өмірі, тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық-әлеуметтік қатынастары, жалпы ұлттық болмысы көркем бейнеленген. Қазақ халқының рухани жан дүниесі ән өнері арқылы шебер суреттелген.

Дәстүрлі әншілер отырып та, тұрып та ән айтуды қалыптастырған. Отырып айту аспапты ыңғайлы ұстауға мүмкіндік беріп, домбыра қайырымдарын таза орындауға жағдай жасайды. Ал тұрып айтуда диафрагма еркін жұмыс істеп, дауыс кең тыныстайды. Сондықтан тәжірибеде бұл екі тәсілді де шектемеу қажет. Домбырамен ән сүйемелі – жеке музыка ретінде күрделі құбылыс. Әнші ән әсеріне қаншалықты күш жұмсаса, аспапқа да соншалықты серек қарауы керек. Музыка – адам жанын тербейтін, рухани әлемді байытатын өнер. Ол тек әуен ғана емес, адамның ойы мен сезімін жеткізудің құралы, өзін тануына және шығармашылық қабілетін дамытуына ықпал ететін маңызды бағыт.

Музыка мамандығы – шығармашылық пен жауапкершілікті қатар талап ететін сала. Бұл мамандықта тек орындаушылық емес, оқушылармен жұмыс істеу, музыкалық білімді жеткізу және ұлттық өнерді насихаттау басты мақсат болып табылады. Студенттер кәсіби дағдыларын дамытып, болашақта мұғалім ретінде оқушыларға дұрыс бағыт беруге үйренеді. Қазіргі таңда Қорқыт Ата университетінде осы мамандық бойынша білім алып, домбыра орындаушылығын және педагогикалық дағдыларын дамытуда. Музыка мамандығы тек теория мен орындаушылықтан тұрмайды. Оқушыларға шығармашылықты үйрету, өнерге қызығушылықтарын арттыру, жауапкершілік пен еңбекқорлыққа баулу сияқты маңызды қасиеттерді қалыптастырады. Болашақта алған білімді оқушыларға жеткізіп, олардың музыкалық қабілеттерін дамытып, ұлттық мәдениетімізді насихаттаймын.

Гүлсезім БОЛАТҚЫЗЫ,
МО-23-1 оқу тобының студенті

МАГИСТРАТУРА ЖӘНЕ ГРАНТ: ЖАС МАМАН ТАҢДАУЫ

Қазіргі білім беру кеңістігінде магистратура – кәсіби дамудың келесі сатысы ғана емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеушілік әлеуетті қалыптастыратын маңызды академиялық кезең болып табылады. Осы ретте біз ПМНО-25-1м оқу тобының магистранты Мерей Молдаханмен тілдесіп, оның магистратураға түсу, дайындық стратегиясы жөнінде ой-пікірін білуді жән көрдік.

– Сіз үшін магистратураның құндылығы неде?

– Шәкәрімнің «Біз надан болып өсірдік иектегі сақалды» деген сөзі мен үшін білімнің сыртқы белгісі емес, ішкі мазмұны мен ниеті маңызды екенін айқын көрсетеді. Магистратура да дәл сондай: оны жай ғана мәртебе, келесі баспалдақ немесе «керек болған соң» таңдау шынайы нәтиже бермейді. Бұл жолға ниетпен, ішкі дайындықпен келу қажет. Мен үшін магистратураның басты құндылығы – ойлау тереңдігін қалыптастыру. Бакалавриатта біз білім адық, тәжірибе жинадық, ал магистратура сол тәжірибені ғылыми тұрғыда талдап, дәлелдеп, саналы қорытынды жасауға үйретеді. Әсіресе бастауыш сынып мұғалімі үшін бұл өте маңызды. Себебі біз баланың ең алғашқы білімдік, тұлғалық негізін қалаймыз.

Магистратураға түсуіме негіз болған басты құндылықтарым – үздіксіз даму, кәсіби адалдық және өз ісіме жауапкершілік. Мен өзімді бір орында тоқтап қалатын маман ретінде емес, үнемі ізденісте жүретін ұстаз ретінде елестетемін. Білім беру саласында өзгеріс көп, талап жоғары. Сол талапқа сай болу үшін өзімді ғылыми тұрғыда жетілдіре түсуді саналы шешім ретінде қабылдадым. Сонымен қатар магистратура мен үшін – ниетті қайта жаңартатын мектеп. Әр дайындық кезеңінде өз-өзіме: «Мен не үшін бұл жолды таңдадым?» деген сұрақты жиі қойдым. Бұл ішкі сұрақтар мені ғылымға әкелді.

– Магистратураға дайындық үдерісін қандай стратегиялар негізінде құрдыңыз?

– Магистратураға дайындық үдерісін 4-курста диплом жазып жүріп, қарқынды бастадым. Сондықтан дайындықты тым күрделендірмей, бірақ жүйелі әрі мақсатты ұйымдастыруға тырыстым. Магистрлік тестілеуде 5 пән тапсырылатынын ескере отырып, әр алдымен әр пән бойынша өз деңгейімді саралап алдым. Ағылшын тілінен аса қиындық болған жоқ, өйткені бұған дейін «Білім-Ыбырай» педагогикалық қорында студент болып қабылданғаннан бастап, қосымша курс арқылы жүйелі дайындықтан өткенмін.

Бұл дайындық магистрлік тест форматына бейімделуге айтарлықтай көмегін тигізді.



Ал негізгі назарды кәсіби бағытыма тікелей қатысты пәндерге аудардым. Бастауыш білім беру әдістемесіне байланысты оқу құралдары мен ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді қайта қарап, теориялық білімді өз тәжірибеммен байланыстыруға тырыстым. Мектептегі практика мен білім беру орталығындағы жұмыс барысында кездескен нақты педагогикалық жағдайлар дайындық үдерісін формалды емес, саналы әрі мазмұнды етті. Күнделікті аз көлемде, бірақ тұрақты түрде дайындалдым. Магистратураға дайындық мен үшін тек тестілеу емес, бакалавриат кезеңінде жинаған білім мен тәжірибені саралап, кәсіби бағытты нақтылау үдерісі болды.

– Таңдаған білім беру бағдарламасының ғылыми әлеуетін қалай бағалайсыз?

– Мен таңдаған бағдарлама – 7M01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» – ғылыми ізденістерім үшін шынайы алаң деп есептеймін. Бұл бағдарлама бастауыш сынып мұғалімін тек әдістемелік дағдымен шектемей, оқыту үдерісін ғылыми тұрғыда талдай білетін, зерттеуші педагог ретінде қалыптастырады.

Істің ізі білімге, ойдың ізі тәжірибеге апарды: тек білу жеткіліксіз, оны іс жүзінде қолдана білетін деңгейге жету маңызды. Оқып жатқан бағдарламаның ғылыми әлеуетін мен мектептегі практика, жеке оқу орталығындағы жұмыс және университет базасында бастауыш мұғалімдермен тікелей жүргізетін зерттеулер арқылы көрсетемін. Осы тәжірибе маған тек сабақ беру емес, оқыту үдерісін зерттеп, диссертациялық зерттеулерімді жүйелі дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша бұл бағдарлама мен үшін кәсіби ойымды кеңейтіп, педагогикалық зерттеу қабілетімді шындайтын нақты ғылыми алаң болатынына сенімім мол.

– Магистратураға түсуді жоспарлап жүрген талапкерлерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Магистратура туралы ой тұған кезде, әр адам ең алдымен өзіне үнсіз сұрақ қояды: мен бұл жолды не үшін таңдадым? Ғұламалар айтқандай, «ізденіс бар жерде ғана өсу бар». Магистратура да дәл сондай ізденісті талап ететін кезең – мұнда мұғалім тек үйретуші емес, өз ісіне қайта үңілетін ой иесіне айналады. Маңыздысы, оқығаныңды қорыта білу, көрген тәжірибеге күмәнмен қарау, «неге бұлай?» деген сұрақтан қашпау. Себебі ғылыми дайын жауапты ұсынбайды, ол адамды ойлауға мәжбүрлейді. Ал ойланған адам ғана кәсіби тұрғыда өседі.

Сондықтан магистратураға бет алған әріптес пен талапкерге айтарым – өз жолыңды өзгенікінен өлшемеңіз. Біреудің ізімен жүріп, өз соқпағыңды табу қиын.

Жасымыз ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім» деген Абайдың сөздері көрсеткендей. Егер өз саланыңды тереңірек түсінуге, тәжірибеніңді ғылыми сүзгіден өткізуге ниет болса, мархабат! Ниет пен еңбек ұштасқан жерде, білім де өз жемісін береді.

– Алдағы ғылыми ізденістеріңізге сәттілік тілейміз! Рақмет!

Сұхбаттасқан
Анел ҚАНЫБЕК

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН КӘСІП ҮНДЕСТІГІ

Бір кездері тек хобби саналған сәнді ишекті жасау бүгінде табыс көзіне, тіпті толыққанды бизнеске айналды. Қолдың ебі мен талғамды талап ететін бұл салада шыдам мен ізденіс қатар жүреді. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз де шығармашылық пен кәсіпті қатар ұстап келе жатқан қолөнерші. Қорқыт Ата университетінің 2023 жылғы түлегі Ақбота Шамшиеваның негізгі мамандығы мемлекеттік және жергілікті басқару болса да, өз жолын шығармашылықпен байланыстырған. Бүгінде ол мәдениет саласында, атап айтқанда «Анаға тағзым» орталығында жұмыс істейді.

– Ақбота, әуелі мақсат жайлы әңгімелессек. Алға қойған қандай арман-мақсатыңыз бар?

– Адам болған соң армандаймыз, мақсат қоямыз, жоспарлаймыз. Жетсем екен дейтін мақсатымның бірі – жеке шеберханамды ашу, сонымен қатар керамикалық өнім өндірісін жүйелі жолға қойсам деймін. Арнайы пеште күйдіретін, сапасы жоғары эксклюзив бұйымдар шығару арқылы нарықта өзіндік орны бар бренд қалыптастырғым келеді. Келесі саудамыз жеке бренд құру туралы болмақ.

– Алғаш жасаған бұйым мен алғашқы тұтынушыңыз жайлы айтып берсеңіз.

– Қолөнерге, оның ішінде қазақи этно стильге студент кезімнен қызықтым. Алғашында, иә, хобби ретінде бастадым. Ал қазір қосымша кәсіпке айналды. Сүйікті ісімді табыс көзіне айналдыруыма «Анаға тағзым» орталығының

креативті индустрия бағытындағы жұмыстар үлкен әсер етті. Жалпы бұл орталықта 2023 жылдан бері еңбек ететін. Осы уақыт аралығында түрлі іс-сапарға шығып, креативті көрмелерге қатысып, тәжірибе жинадым. Содан болар өз ісімді бастауға бел будым.



Көрмелерге бұйымдарымды шығара бастадым, солай сұраныс та артты. Ал бұйым жасауға дейін, әрине, талдау жұмысын жүргіздік. Қаламызда қолжетімді бағадағы, сапалы керамикадан жасалған этно бұйымдардың өте аз екенін байқадым. Басқа өңірде бұл бағыт жақсы дамығанымен, бағасы қымбат. Осыдан кейін «неге өзім жасап бастамасқа?» деген ой келді.

Әрі қарай сапасы жоғары фурнитура са-

татын сенімді орын іздеп, өз талғамыма сай келетін материалдарды тапсырыспен алдырдым. Ең алғашқы жасаған бұйымым – этно сотуар. Нәтижесі ойлағанымнан да жақсы шықты. Бірінші тұтынушым құрбыларым болды. Жақындарым үлкен қолдау көрсетті. «Instagram» желісінде жеке парақша ашып, брендке атау беріп, логотип жасаттым. Қазір брендім «ethnoshine.kz» деп аталады. Бастапқыда тек сотуар жасаудан басталған іс ақырындап кеңейді. Ассортиментке сырға, жұмысқа және костюмдерге арналған этно-түйреуіш, білезік пен алқалар қосылды.

– Өзіңіз дайындайтын бұйымдардың сапасына қатысты қандай талаптар бар? Қазіргі таңда керамикалық этно бұйымдарға сұраныс қандай?

– Бұйымдардың сапасына әрдайым ерекше мән беремін. Әшекей қарапайым сәндік зат қана емес, күнделікті қолданыста да, мерекелік жағдайда да иесін ыңғайсыз жағдайға қалдырмауы тиіс. Сол себепті олардың қарайып кетпеуі, ұзақ уақыт бойы бастапқы қалпын сақтауы және қыз-келіншектерге сенімді түрде тауға болатын деңгейде болуы – мен үшін басты талап. Қазір керамикалық этно бұйымдарға қаламызда қызығушылық артып келеді, бұл бағыттың болашағы бар екенін аңғартады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Мерейім ӘЛІБАТЫР

ТӘУЕКЕЛ ЕТКЕН АДАМ ҮШІН МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ АЙҚАРА АШЫЛАДЫ

Шетелде білім алу – көптің арманы. Мұнда тәжірибе алмасып, мінезді де, білімді де ұштауға болады. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – болашақ математика пәнінің мұғалімі Қарақат Аман. Ол – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 3-курс студенті. Қарақат жақында академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Польшаның белді оқу орындарының бірі – Лодзь университетінде бір семестр бойы білім алып қайтты. Еуропалық білім беру жүйесінің ерекшелігі неде? Болашақ математикке шетелдік тәжірибе не берді?

– Академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелге бару идеясы қалай туындады?

– Бұл шешімді кенеттен қабылдадым. Әрине, шетелде оқу туралы ой бұрыннан болған, бірақ нақты қадам жасауға батылым жетпеді. Бір күні академиялық ұтқырлық бағдарламасы туралы ақпаратты көріп, «Неге бағымды қазір сынап көрмеске?» деген ой келді. Сол сәттен бастап ішкі қорқынышты ысырып қойып, тәуекелге бел будым. Бұл қадам өзіме деген сенімділігімді оятты. Алдымнан жаңа мүмкіндіктер ашылды.

– Польшаға алғаш табан тірегендегі сезімдеріңіз қандай болды? Алғашқы күндері қандай қиындықтар туындады? Оларды қалай еңсердіңіз?

– Польшаға алғаш келгенде қуаныш пен қобалжу қатар болды. Орта, тіл, адамдар – бәрі жаңа. Алғашқы күндері тілдік кедергілер мен күнделікті тұрмыстық жағдайлар – қоғамдық көлікке бейімделу, құжат рәсімдеу және үлкен қалада бағыт-бағдар табу едәуір қиындық тудырды. Оның ішінде ең қиыны – ауа райы. Польшада күн сирек көрінеді. Климаттың салқындығынан денсаулығым сыр берді. Кейін ағамда D дәруменінің тапшылығы байқалды. Бұл жағдай алғашқы кезде көңіл күйіме де, жалпы жағдайыма да әсер етті. Дегенмен уақыт өте келе, уайымға салынбай, дәрумендер қабылдадым. Кейін жергілікті студенттермен араласа бастадым. Университеттің халықаралық бөлімінің көмегіне жүгіну арқылы барлығын ақырындап еңсердім.

– Польшадағы оқу саласының Қазақстандағы білім беру жүйесінен айырмашылығы бар ма? Сабақ беру форматы сізге қалай әсер етті?

– Мен академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Лодзь университетінде бір семестр бойы білім алдым. Менің ойымша, екі елдің де білім беру жүйесінде өзіндік артықшылықтары мен ерекшеліктері бар. Қазақстанда теориялық дайындық пен пәннің іргетасын терең меңгеруге басымдық берілсе, Польшада студенттің сыни ойлауына, жеке белсенділігі мен креативтілігіне ерекше назар аударылады. Оқу процесі көбіне пікірталас, презентация және жобалық жұмыстарды қорғауға негізделген. Бұл формат маған өз пікірімді ашық білдіруді, жауапкершілік алуы және дербес шешім қабылдауды үйретті.

– Қандай пәндер сіз үшін ерекше пайдалы болды?

– Мен үшін «Introduction to Differential Equations» және «Discrete Math with Elements of Logic» пәндері ерекше пайдалы болды. Бұл курстар логикалық ойлауымды дамытып қана қоймай, математикалық модельдеу негіздерін және күрделі процестерді теңдеулер арқылы сипаттауды үйретті. Әсіресе, есептерді жүйелі түрде талдау, дәлелдеу және шешім қабылдау дағдыларым айтарлықтай нығайды. Алған

білімім кәсіби дамуыма және аналитикалық қабілетімді арттыруға зор үлес қосты.



– Польша мәдениеті сізді несімен таңғалдырды?

– Польша мәдениетінде дәстүрлер мен заманауи үрдістердің үндестігі маған ерекше әсер етті. Жергілікті халықтың тарихты құрметтеуі және мәдени құндылықтарды қастерлеуі ерекше көзге түседі. Әсіресе, олардың ішкі тәртібі, уақытқа деген ұқыптылығы және күнделікті өмірдегі өзара сыйластығы маған қатты ұнады. Олардың өткен күннің мұрасын сақтай отырып, еуропалық қарқынмен дамуға ұмтылуы нағыз үлгі аларлық қасиет.

– Жергілікті халықтың шетелдік студенттерге көзқарасы қандай?

– Жергілікті халық шетелдік студенттерге ерекше ілтипатпен және жылы шыраймен қарайды. Университет қабырғасында студенттерге ерекше қолдау беріледі. Ал оқытушылар мен халықаралық бөлім өкілдері кез келген мәселе бойынша бағыт-бағдар беруге дайын. Мұндай мейірімді орта өзімді жайлы сезінуге мүмкіндік берді.



– Польшадағы студенттік өмірді қалай сипаттар едіңіз? Бос уақытыңызды қалай өткіздіңіз?

– Польшадағы студенттік кезеңім өте белсенді әрі қызықты өтті. Академиялық біліммен қатар елдің мәдени-тарихи орындарымен таныстым. Мұражайлар мен мәдени шаралар, шетелдік достармен қарым-қатынас және жаңа оркениеттерді тану маған үлкен рухани азық берді. Бұл кезең менің тұлға болып

қалыптасуыма және көкжиегімнің кеңеюіне әсер етті.

– Академиялық ұтқырлық сіздің жеке тұлға ретінде дамуыңызға қалай әсер етті?

– Шетелдегі білім мен өмір мені біраз шыңдады. Мен тек білім алып қана қоймай, жауапкершілікті арқалай алатын, қиындықтардан қорықпайтын және кез келген жағдайға бейімделе алатын тұлғаға айналдым. Бұл кезең маған өз күшіме сенуді үйреткен нағыз өмір мектебіне айналды.

– Польшада алған біліміңіз бен тәжірибеңізді Қазақстанның дамуына немесе өз мамандығыңызға қалай енгізер едіңіз?

– Польшада оқу барысында мен тек теориялық білім алумен шектелмей, білімге деген көзқарасымды түбегейлі өзгертетін тәжірибе жинадым. Ең бастысы – студентке бағытталған оқыту моделін өз көзіммен көре алдым. Бұл жүйеде оқытушы тек ақпарат беруші емес. Ал студент – білімді өз бетімен іздеп, талдап, қолдана алатын тұлға ретінде қалыптасады.

Қазақстанға оралған соң, мен осы тәсілді өз мамандығымда қолданғым келеді. Атап айтқанда, сабақ барысында оқушыларды дайын ақпаратпен шектемей, ойлануға, сұрақ қоюға, пікір айтуға және талқылауға тарту маңызды деп санаймын. Польшада жиі қолданылатын жобалық жұмыстар, презентациялар, нақты өмірмен байланысты тапсырмалар білімді есте сақтауды ғана емес, оны практикада қолдануды үйретеді. Сонымен қатар мен академиялық адальдық, уақытты тиімді жоспарлау, жауапкершілік сияқты дағдыларды ерекше бағалай бастадым. Бұл қасиеттерді болашақта өз шәкірттеріме де сіңіргім келеді. Себебі білім сапасы тек пәнмен шектелмей, тұлғаның қалыптасуына тікелей әсер етеді.

– Осы тәжірибеден кейін болашаққа жоспарыңыз өзгерді ме?

– Әрине, өзгерді. Бұл тәжірибе менің ой-өрісімді кеңейтіп, өзіме деген сенімді арттырды. Болашаққа қатысты нақты мақсаттарым мен жоспарларым бар, бірақ олар әзірге өзіме ғана белгілі, көпшілікке құпия болып қала бергенін қалаймын. Дегенмен, сол жоспарлардың барлығы кәсіби әрі тұлғалық дамуыммен тікелей байланысты.

– Академиялық ұтқырлықпен басқа елге барғысы келетін студенттерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Қорықпау керек. Алдын ала тілдік дайындықтан өтіп, жаңа ортаға ашық болып, берілген мүмкіндікті толық пайдалану қажет. Ең бастысы – өзіңізге сену.

Жаңа қадам жасаудан қорықпау керек. Әрине, тілді алдын ала меңгеріп, іргетасты нық қалау – жетістіктің жартысы. Алайда тек білім ғана емес, берілген әрбір мүмкіндікті қалт жібермеу де аса маңызды. Ең үлкен кедергі – іштегі күмән, ал ең үлкен күш – өз-өзіңізге сенім.

– Егер мүмкіндік болса, бұл тәжірибені қайта бастан өткерер ме едіңіз?

– Польшада өткен әрбір күн мен үшін баға жетпес сабақ болды. Бұл кезеңді өмірімдегі ең құнды әрі маңызды белестердің бірі. Ол маған тек академиялық білім емес, өмірлік даналық, мықты мінез және әлемге деген шексіз махаббат сыйлады. Сондықтан, маған мүмкіндік берсе, тағы Польшаға барып білім алар едім.

– Әсерлі әңгімеңіз үшін рақмет!

Сұхбаттасқан
Мерей ШӘКРАТ

ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ САЛАСЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ ҚОЛДАНУ

Әлемдік экономика көміртегі бейтараптығына ұмтылып жатқан кезеңде, жаңартылатын энергия көздері энергетика саласының негізгі қозғаушы күшіне айналды. ЖЭК тиімділігін арттыруда жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары маңызды рөл атқарады. Негізгі мақсат – энергия өндіру тиімділігін арттыру және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету. ЖИ көмегімен аэродинамикалық параметрлер зерттеліп, аэрофойл дизайнын оңтайландыру жүзеге асады. Бұл жел турбинасының тиімділігін арттырып, энергия шығынын азайтады. Машиналық оқыту арқылы турбинаның жұмыс жағдайларын талдау және оқыту алгоритмдері қолданылады. Бұл алгоритмдер турбинаның айналу жылдамдығын, жел бағытын және қуат өндіру деңгейін болжауға мүмкіндік береді. Эволюциялық әдістер арқылы энергия өндіру жүйелерінің параметрлері автоматты түрде тандалып, тиімді шешімдер қабылданады. Бұл тәсіл әсіресе турбинаның пішіні мен өлшемін, сондай-ақ ағын бағытын басқаруды жетілдіруге қолданылады. ЖИ негізінде жана инженерлік шешімдер әзірленеді, мысалы, диффлектор тақтасы мен радиалды жел турбиналарының құрылымы. Бұл элементтер ауа ағынын бағыттап, энергия өндіру процесін тұрақтандырады. Жасанды интеллект үйлер, кәсіпорындар, қайта зарядталатын батареялар, жаңартылатын энергия көздері, микрожелілер және электр желісінің өзі арасындағы энергия ағындарын басқару арқылы электр желілерін оңтайландыру үшін қолданылады. Бұл тұтынушылардың энергия тұтыну процесіне қатысуын арттыра отырып, энергия шығынын азайтады. Жасанды интеллект сонымен қатар қауіпсіздікті, тиімділікті және сенімділікті арттыра алады. Жаңартылатын энергетикада жасанды интеллектті пайдаланудың негізгі міндеттерінің бірі – энергияны тұтынуды және көмірқышқыл газын шығарындыларын сандық бағалау және ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету.

Жасанды интеллект әдетте адам интеллектісі орындайтын тапсырмаларды орындауға қабілетті машиналар немесе бағдарламалар ретінде анықталады. Бұған есептеу, оқыту және жана жағдайларға бейімделу, өте үлкен деректер жиынтығын өңдеу, болжам жасау, барлығы машиналық оқыту мен терең оқытуға негізделген. Бұл модельдер көп қабатты нейрондық желілерге негізделген және деректерді абстракциялаудың жоғары деңгейлі ақпаратты ұсынуды үйрене алады. Жасанды интеллекттің көптеген қосымшалары бар, олар машиналық оқыту әдістерін, алгоритмдерді және болжамды модельдерді қолдану арқылы ондаған миллиард доллар шығындарды үнемдей алады. Жасанды интеллект қосымшалары ауа-райы мен жұмыс жағдайларын болжау арқылы жабдықты толық пайдалануға көмектеседі, мысалы, ашық фотозелілік бетке күннің ең жақсы экспозициясын, желдің бағыты мен қуатын және су электр энергиясын өндірудегі жауын-шашын индексын анықтау. Жаңартылатын энергия сарқылмайтын болса да, олардың үлкен кемшілігі бар: олар желдің



күші мен күн сәулесінің кезеңдеріне байланысты өзгеріп отырады, бұл энергия тұрақсыз. Бұл тұрақсыз болғандықтан, ол желіні бұзуы мүмкін. Жасанды интеллект желінің тұрақтылығы немесе желінің сенімділігі деп аталатын нәрсені дәлелдеуге үлес қоса алады, өйткені ол үздіксіз, нақты уақыт режимінде және секундтың бірнеше бөлігінде берілген электр энергиясының сапасын талдай алады.

Жасанды интеллектті пайдалану трафикті оңтайландыру арқылы энергияны басқаруды жақсартады. Мысалы, бұл өндірілетін энергияның үлесін ескере отырып, тұтыну шындарын болжауды жеңілдетеді. Шынында да, технологиялық даму Smart Grid энергетика саласында пайдалануға мүмкіндік берді. Үйлерде ақылды есептегіштерді орнату арқасында нақты уақыт режимінде электр энергиясын тұтынуды бақылауға болады. Бұл деректер кәсіпқойларға жеке адамдар өндіретін таза энергияны біріктіре отырып, ең жоғары кезеңдерде энергия өндірісі мен таралуын болжауға мүмкіндік береді: бұл бүкіл желінің энергия тиімділігін арттыру үшін маңызды. Жасанды интеллект автономды энергетикалық желілерді құруда маңызды рөл атқарады, бұл принцип біздің «электрлік» автономды ауыл жел турбинасы мен күн панельдерінен қуат алады. Автономия, ол сонымен қатар күн немесе желсіз бірнеше күн зарядталған батареялардың батареясын қамтиды. Дизель генераторы жұмыс істемей тұрғанда, бәрін оңтайландыру үшін жасанды интеллект қосу керек. Жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) тиімді басқару мен жоспарлауда шешуші рөл атқарады. Қазіргі таңда энергия жүйелерінің күрделілігі мен деректер көлемінің ұлғаюы ЖИ алгоритмдерін қолданудың өзектілігін арттырды. Қазақстан үшін де бұл бағыт энергия қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен «жасыл экономикаға» көшу стратегиясының негізгі элементі. ЖИ қолданылуының маңызды бағыттарының бірі – жел және фотозелілік энергия көздерінен өндірілетін электр қуатын болжау.

Жел жылдамдығы мен күн радиациясының ауытқуын дәлірек анықтау арқылы энергия өндіру көлемін алдын ала жоспарлауға үлкен мүмкіндік. Бұл электр желісіндегі теңгерімсіздікті азайтып, энергия сапасын тұрақтандыруға ықпал етеді. Статикалық және динамикалық элементтерді нейрондық желілер негізінде модельдеу энергия жүйелерінің физикалық және техникалық процестерін дәл сипаттауға көмектеседі. Мұндай модельдер нақты уақыттағы жұмыс режимін бейімдеп, жүйенің тұрақтылығын арттырады. ЖИ-дің тағы бір бағыты – жоғары өнімді жүйе элементтерін тиімді басқару. Машиналық оқыту әдістері арқылы генераторлар мен түрлендіргіштердің жұмыс параметрлері ақауларға төзімділікті онлайн режимде бақылау және диагностикалау, сондай-ақ қорғаныс жүйелерін жетілдіру ЖИ көмегімен жүзеге асады. Бұл жүйелер жабдыктардың істен шығуын ерте анықтап, техникалық қызмет көрсету шығындарын азайтады және тұтынушыларға үздіксіз энергия жеткізуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, энергияны басқару жүйелерін автоматтандыру қазіргі энергетикадағы ең өзекті мәселелердің бірі. ЖИ бұл жүйелерде деректерді өңдеп, энергия ағындарын нақты уақыт режимінде реттейді. Мұндай тәсіл энергия тиімділігін арттырып қана қоймай, адам факторынан туындайтын қателіктерді азайтады. Тұтыну деректерін талдау арқылы жүйе белгілі бір уақыт аралығында энергияға деген сұранысты болжай алады. Бұл электр станцияларының жұмысын оңтайландыруға және энергия тапшылығының алдын алады. Сондай-ақ, электр энергиясын өндіру мен сақтау процесін тиімді жоспарлау арқылы ЖИ энергия теңгерімін сақтау мәселесін шешеді. Сенсорсыз кері байланыс сигналдарын сенімді бағалау әдістері жабдыктардың жұмысын артық датчиктерсіз бақылайды. Бұл шығындарды азайтып, техникалық қызмет көрсету тиімділігін оңтайландырылып, энергияның шығыны азаяды.

Салтанат БЕДБЕКОВА,
ЭЭ-24-1м оқу тобының магистранты

<p>Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №КЗ29VPY00077786 куәлігі берілген.</p> <p>Бас редактор: Қ.Ә.Омаров</p>	<p>АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:</p> <p>Н.С. Байқадамов - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Торағасы-Ректоры М.Ә. БӨРІБАЕВА - Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.Ғ. БЕКЕНОВ - «Медиа орталық» жетекшісі</p>	<p>Жауапты редактор: Аманра Аманжолова</p> <p>Техникалық редактор: Асқар Махашов</p>	<p>SYR TULEGI student jastar gazetі 1012 жасалған қазақстан газеті тарихы</p> <p>Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.</p>
--	---	--	--